

## ЖШС "Диана 2019" балабақшасы



**БЕКІТЕМІН**

**ЖШС "Диана 2019"**

балабақшасының меңгерушісі:

**Аметова К.Н.**

### **Мектепке дейінгі ұйымдағы мұғалім-дефектологтің арнайы түзетуші- дамытушы жұмысын жоспарлау**

Барлық деңгейдегі балалармен жұмысты жоспарлау бағдарламада көрсетілген барлық іс-әрекет түрлері бойынша әр баланың психикалық және физикалық мүмкіндіктері ескерілетін жеке түзету-дамыту бағыты бойынша жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде балалардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

**Перспективалық жоспар** оқу жылы басталуынан бұрын жылына бір рет жасалады. Перспективалық жоспарлау – балалармен арнайы түзетушілік-педагогикалық жұмыстың барлық бағыттары бойынша жалпы міндеттер.

Перспективалық жоспарда балалардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу бағдарламасында көзделген әрбір түзету іс-әрекетінің бір айға арналған міндеттері айқындалады.

### **Ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің 2025 - 2026оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы **ЖШС "Диана 2019" балабақшасы**

Топ: **«Балапан» кіші топ**, **«Ұшар» ортаңғы тобы**, **«Самғау» ересек тобы**,

Балалардың жасы **«Балапан» 2жас**, **«Ұшар» 3 жас**, **«Самғау» 3 жас**,  
Жоспар қай айға құрылды **2025-2026 оқу жылына**

<b>Ай</b>	<b>Арнайы түзетуші іс-әрекет (жұмыс мазмұны)</b>	<b>Арнайы түзетуші іс- әрекеттің міндеттері</b>

**Циклограмма** әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан басталып, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін өткізу, серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуіне дейінгі барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн режиміне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әр күніне арналған перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін қызмет түрлерін анықтау;
- бағдарламалық материалды бөлу кезінде жүйелілік пен реттілік принципін сақтау;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін жаңашыл технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- балалардың әр іс-әрекетін ұйымдастыру үшін қолайлы заттық-дамытушы орта құру (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімділігін қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша пайдалану).

Мектепке дейінгі ұйымдағы мұғалім-дефектолог жұмысының циклограммасы – балалармен арнайы түзетуші іс-әрекеттерін күнделікті жоспарлау.

Циклограммада мұғалім-дефектолог балаларды кіші топтағы арнайы түзетуші іс-әрекетке қатыстыру үшін қай топтан (нөмірі) алатыны, жылы, апта күні көрсетілуі керек. Сонымен қатар, арнайы түзетуші іс-әрекеттің түрін атау керек (мысалы, көрнекі қабылдауды дамыту), осы жерде шешілетін міндеттерді, қолданылатын ойын, демонстрациялық және үлестірмелі материалдарды көрсету; Осы арнайы түзетуші іс-әрекетте түзетушілік оқытудың негізгі әдістемелік әдістері және оның қысқаша мазмұнын (балалармен өткізілетін ойындар мен жаттығулардың тізімі) анықтап көрсету қажет.

Мұғалім-дефектолог жеке түзетушілік іс-әрекеттерін циклограммада да көрсетеді (оның қай балаларға өткізілетінін және шешілетін міндеттерді көрсете отырып, әр баламен өткізілетін ойындар мен жаттығулар да тізімделеді). Сондай-ақ, циклограммада мұғалім-дефектолог бақылауларды апта сайын жазу үшін бір-екі бетті бос қалдырады. Бұл жазбалар балалардың психологиялық-педагогикалық мінездемелерін құрастыру үшін құнды материал болып саналады және әр баланың даму динамикасын бақылауға көмектеседі.

Мұғалім-дефектолог өзінің жұмыс кестесінде аптаның қай күндері және қай сағаттарда балалармен түзетушілік іс-әрекетті өткізетінін көрсетеді.

Өз жұмысын нақты ұйымдастыру үшін ол жоспарына түзетуші іс-әрекеттердің кестесін қосады. Онда кіші топтардың нақты түрлері көрсетілген (мысалы: дүйсенбі — көру арқылы қабылдауды дамыту,

сейсенбі — кеңістіктікті бағдарлау және т.б.), сондай-ақ балалармен жеке түзетуші іс-әрекеттерін өткізу уақыты.

### Арнайы түзету-тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС "Диана 2019" балабақшасы  
Жоспар қай кезеңге құрылды 2025-2026 оқу жылына

Күн тәртібінің үлгісі	Апта күні	Уақыт	Топ	Мазмұны	Жеке жұмыс

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісінің тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы — қыркүйекте, аралық — қаңтарда және қорытынды — мамырда).

Мониторинг

мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру үдерісін жетілдіру;
- Үлгілік бағдарлама мазмұнын баланың игеру деңгейін анықтау.

Алынған мәліметтер негізінде топтағы баланың жеке даму картасы әр балаға бөлек толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі.

Баланы дамытудың жеке картасында «Арнайы түзетуші іс-шаралар» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады.